

# Nurly ÓLKE

QOǴAMDYQ- SAYASI GAZET

ОБЩЕСТВЕННО - ПОЛИТИЧЕСКАЯ ГАЗЕТА

№ 3 (723) 19.1.2023

E-mail: nurliolke@mail.ru

nurliolke.kz

## ҰЛЫ ТҰЛҒА

### АТЫНДА ҚАЛАМЫЗ БАР

(Димаш ата 111-де)

Адамдыққа ісімен бастап елді,  
Димаш атам 111 жасқа келді.  
Қазағының қамы үшін көріп пе еңдер,  
Қырық қала салдырған асқақ ерді?

Қапшағай да сол кісі салған қала,  
Қазір міне, талайға арман қала.  
Қасиетінен айналдым асыл бабам,  
Қонаев қаласы боп жанған қала.

Облыс орталығы дүркіреген,  
Ырыс-құты аспаннан сіркіреген.  
Дінмұхамед Қонаев деп соғатын,  
Көкірегімді кернейді дүркін өлең.

Тойла елім, тұрғыны Қонаевтың,  
Шаттан орыс, қазағы - болайық кім?!  
Өзі басқан көшесі, мектебі тұр,  
Ат салысып біз дағы қарайық тың.

Қаласына нұр шашар күнмен бірге,  
Ескерткіші оранып жыр мен гүле.  
Ұлы тұлға атында қаламыз бар,  
Жарқырасын, жайнасын күннен-күнге!

Аппақ қар, дала аппақ – түс секілді,  
Бүгін күн нағыз таза қыс секілді.  
Әлемді ақ қарымен баурап алған,  
Ақ ниетпен бастаған іс секілді.

Қаңтар десе адалдық түседі еске,  
Димаш атам туылған осы кеште.  
Жылы жүзді, мейірімді келбетімен,  
Мәңгілікке бұл бейне қалар есте.

## ДИМЕКЕНДІ САҒЫНАМЫЗ БАРШАМЫЗ

Бұл өмірде талай жайсаң көз ілді,  
Талай жүрек қан жылады, езілді.  
Бірақ дүние өзгерте алмас ешқашан,  
Димекеңе деген ұлы сезімді.

Уақыт деген шындық болып шыңғырды,  
Кімнің мәңгі қалатынын білдірді.  
Қаңтар айдың 12-сі еліміз,  
Атап өтіп жатады ылғи бұл күнді.

Мың жасаған ұрпағымен саналы,  
Жүректерде мәңгілікке қалады.  
Атамыздың қарапайым бейнесі,  
Жылдан-жылға биік болып барады.

Ауырлықтан босамады-ау арқамыз,  
Димекеңнің өмір жолы қанша аңыз.  
Жаны таза, жүрегі ақ баладай,  
Димекеңді сағынамыз баршамыз.

Біздің қала Қонаевтың қаласы,  
Ескерткіші биік тұр ғой, қарашы.  
Орын алған жүрегінен халқының,  
Мәңгі өмір осы болар шамасы.

Алтыншаш ЖАҚИЯНОВА.

ЛИЧНОСТЬ

## ДИНМУХАМЕД ҚОНАЕВ: «Я УЧИЛСЯ У ЖИЗНИ!»



**ВСЬ ЖИЗНЕННЫЙ ПУТЬ ДИНМУХАМЕДА АХМЕТОВИЧА ҚОНАЕВА, ЕГО РАЗНОСТОРОННЯЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ, КАК ГОСУДАРСТВЕННОГО И ОБЩЕСТВЕННОГО ДЕЯТЕЛЯ, УЧЕНОГО С МИРОВЫМ ИМЕНЕМ, ОТДАВШЕГО ВСЕ СВОИ БОГАТЕЙШИЕ ЗНАНИЯ И ОПЫТ, ВЫДАЮЩИЕСЯ ОРГАНИЗАТОРСКИЕ СПОСОБНОСТИ НА БЛАГО СВОЕЙ РЕСПУБЛИКИ, ЯВЛЯЕТСЯ ПРЕКРАСНЫМ ОБРАЗЦОМ СЛУЖЕНИЯ НАРОДУ.**

Всю свою государственную деятельность, каждый свой поступок он соизмерял с интересами Родины, народа, согласно своему жизненному кредо: «Надо хорошо работать на благо Казахстана и его народа». Все наши помыслы и дела были, есть и всегда будут неотделимы от вдохновенного созидательного труда народа, и в этом каждый из нас должен

видеть, как отмечал сам Д.Қонаев, главный смысл своего труда, смысл своей жизни.

При этом в биографии Д. Қонаева, как выдающегося государственного деятеля, отразилась более чем полувековая судьба не только родной республики, но и бывшего Советского Союза и планеты в целом.

(Окончание на 2-стр.)

## ҰЛЫ ТҰЛҒА – ҚОНАЕВ



**ҚАЗАҚ ЕЛІНІҢ БІРТУАР АЗАМАТЫ, КӨРНЕКТІ МЕМЛЕКЕТ ЖӘНЕ ҚОҒАМ ҚАЙРАТКЕРІ, ДІНМУХАМЕД ҚОНАЕВ ТУРАЛЫ ЖАН-ЖАҚТЫ ТҮСІНІК ҚАЛЫПТАСТЫРУ, КЕМЕҢГЕР ТҰЛҒАНЫҢ МЕМЛЕКЕТКЕ ЖӘНЕ ХАЛҚЫНА, СОНЫМЕН ҚАТАР ҚОНАЕВ ҚАЛАСЫНА СІҢІРГЕН ЕҢБЕГІН, ҚАЖЫРЛЫ ЖҮРГІЗГЕН САЯСАТЫН ҰЛГІ ЕТУ МАҚСАТЫНДА ҚАҢТАР АЙЫНЫҢ 12 КҮНІ ҚАЛАЛЫҚ КІТАПХАНАНЫҢ ОҚУ ЗАЛЫНДА «ҰЛТЫМЫЗДЫҢ МАҚТАНЫШЫ» АТТЫ ДӨҢГЕЛЕК ҮСТЕЛ БОЛЫП ӨТТІ.**

-Өр дәуірге лайықты кемеңгер адамдар өмір сүреді. Ал қазақ халқының тарихында болмысы бөлек, мінезінің байлығымен, терең білім, ақыл-парасатымен дараланған ұлы адам өмір сүрді. Ол - Дінмұхамед Ах-

метұлы Қонаев. Бүгін қазақ халқының ардақты перзенті, аса көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Дінмұхамед Ахметұлы Қонаевтың дүниеге келген күні.

Қонаев Қазақстанға басшылық

жасаған жылдары 43 қала салынды. Соның бірі бүгінгі Қонаев қаласы мен Қапшағай ГЭС-і. Ол өте көреген адам екендігін Қапшағай қаласын салу арқылы дәлелдеп кетті. Өткен жылы бәрімізге белгілі халықтың қалауымен Қапшағай қаласына Қонаевтың есімі берілді. Облыс орталығы мәртебесіне ие болған Қонаев келешекте тың қарқынмен дамиды болады.

«Ол ұлттың намысы, рухы мен иманы қазақтың қанағат мектебі және нағыз адалдықтың өлшемі», - дейді ақын Темірше Сарыбайұлы.

(Жалғасы 2-бетте)

## ҚОНАЕВТЫҢ 12 ҚАСИЕТІ

ЛИЧНОСТЬ

*Қадірлі халқының адал перзенті,  
Ерен тұлға ұлы елдің көсемі.  
Көш бастаған ширек газыр сапында,  
Ұлты ұлықтап төбесіне көтерді.*

*Әл-Фараби даналығы бойынша,  
Патшаға тән кемеңгерлік өр тұлға.  
Он екі қасиет түгел тоғысып,  
Димекеңнің туа біткен бойына.*

*Сымбатты мүсіндей мінсіз әдемі,  
Еңгезердей алып тұлға денелі.  
Нұр төгілген жүзінен иманжүзді,  
Ерекше жан жаратылыс әлемі.*

*Терең білім сезімтал зеректігі,  
Іштей сезіп тұратын керектіңді.  
Қазыналы қарттармен ақылдасып,  
Мәселені біржолға шешетін-ді.*

*Теңеу жоқ есте сақтау қабілеті,  
Ғалымдардың өздерін қайран етті,  
Көргендерін ешқашан ұмытпайтын,  
Ұлыға тән құбылыс дәлелденді.*

*Ғұлама сөзге шешен ой иесі,  
Бойында бар ақындық қасиеті.  
Қара сөздің қаймағына айналған,  
Төле би, Болтіріктей «сөз киесі».*

*Ғылым-білім, өнерге жаны құштар,  
Академик ғылымда болған ұстаз.  
Жаңалығы ғылымның саласында,  
Ұшан-теңіз еңбегі «тылсым-сырлар»*

*Сөре толған кітаптарға бар байлық,  
Адал ас пен тағамға талғампаздық.  
Адамдықтан айнымаған шын асыл,  
Сауық-сайран салмаған қанағат қып.*

*Туған жердің төсінде таза ауа,  
Шипасы саф алтындай жанға дауа.  
Мергендік өнерімен саяткерлік,  
Аң аулаған табиғат аясында.*

*Жол бермей озбырлыққа салған өктем,  
Кемеңгерім шындықты сүйіп өткен.  
Жаны қас өсек-аяң жалғандыққа,  
Ардақтап адалдықты асқақ еткен.*

*Қарапайым, кең пейіл атқан таңдай,  
Жаны асқақ, намысы асқар таудай.  
Тәрбиесі өнеге бекзаттылық,  
Кісілігі кіршіксіз аппақ қардай.*

*Зейнет жаста даналық жоғалтпаған,  
Игі іске ұйытқы жол бастаған.  
«Әлемге әйгілі әулие» атпен,  
Ел-жұрты тірлігінде бағалаған.*

*Қиянатқа қарсы жүзген кемеңгер,  
Әсілі асыра айтты демендер.  
Озбырлық пен өктемдіктің өтіне,  
Әділдікпен қорған болып тұрған ер.*

*Қонай ата ержүрек батыр болған,  
Шөбересі Димашқа да дарыған.  
Бірбеткей батыл шешім шеберлікпен,  
Қайыспай тәуекелге бел буған.*

*Тарихта өшпестей ізін қалдырған,  
Халқы үшін қырық қала салдырған.  
Қапшағайға Қонаев деп ат берді,  
Сақталды ұрпағына дана тұлғаң.*

Назгүл НҮРСЕЙТОВА

## ДІНМҰХАМЕД ҚОНАЕВ: «Я УЧИЛСЯ У ЖИЗНИ!»

(Окончание. Начало на 1-стр.)

Он работал, находясь в постоянном контакте с такими деятелями Советского государства, как Сталин, Хрущев, Брежнев, Андропов, Черненко, Горбачев. Он встречался со многими выдающимися руководителями иностранных государств и политических партий: Мао-Цзе-Дуном, Джавахарлалом Неру, шахом Ирана Реза Пехвели, президентами Америки, Франции и десятками других видных деятелей мирового уровня. Необходимо также отметить, что на протяжении многих лет Д.А. Қонаев, как один из наиболее авторитетных членов Политбюро ЦК КПСС, возглавлял партийные и партийно-правительственные делегации во многие зарубежные страны (Великобританию, Италию, Индию, Монголию, КНДР, Уругвай и др.).

По мнению его многих соратников, именно при Д. Қонаеве был сформирован очень сильный, опытный, деловой, авторитетный корпус единомышленников.

Уже с молодых лет он, следуя своему жизненному принципу: «Жизнь – великий наставник», выработывал в себе, по его словам, следующие черты характера: «Доводить начатое дело до конца. Компетентность. И едва ли не главное – умение слушать. Не говорить, а слушать. Ну и, конечно, верить в свое дело, осознавая, что если ты не сделаешь работу, никакой добрый

дядя тебе не поможет. Ты и только ты в ответе за свое дело. Эти правила не я придумал. Я учился у старших товарищей и у самого мудрого наставника – жизни».

Для Д. Қонаева, как государственного деятеля, в повседневной работе принципиально были важны организованность и дисциплина. Осмысление жизни и деятельности Д. Қонаева показывает и необходимость политической целесообразности – быть с обществом в постоянном диалоге, какой бы пост ни занимал работник государственного аппарата. Он считал исключительно важным – открытый, прямой диалог с людьми, т.к. видел в нем один из значимых инструментов объединения общества, реальной демократии, и всегда дорожил мнением обыкновенных людей. Так, Д. Қонаев, находясь среди населения, разговаривал практически со всеми, включая и простых граждан, на языке диалога, общественной заинтересованности, сотрудничества. «Встречи с людьми всех профессий, положений, возрастов давали мне очень много в моей практической деятельности, – пишет Димаш Ахмедович: – в беседах откровенно назывались наши упущения, недостатки, мои ошибки. Мои собеседники подсказали много хорошего и ценного для плодотворной работы. От этих встреч я получал большой положительный заряд и уверенность

в правильности действий». На его многочисленных примерах мы видим, что власть ни в коем случае не должна отрываться от интересов народа, всех слоев общества, чиновники обязаны слышать запросы людей, и заниматься их практическим решением.

Обобщая вышеизложенное, необходимо отметить, что Д. Қонаев в будущее Казахстана, по его словам, смотрел «с обоснованной уверенностью и надеждой. Поручкой тому крепнувший авторитет Казахстана, его миротворческие усилия, прочная стабильность межнациональных отношений, которую надо беречь всем нам особо, как первое условие любого успеха».

И в настоящее время весь мир наглядно видит правоту слов Димаша Ахмедовича Қонаева: Республика Казахстан, по мнению многих видных зарубежных экспертов, стала наиболее ярким примером наиболее успешной постсоветской государственности, эффективным региональным лидером, всецело признанным международным сообществом, конкурентоспособным государством с высоким уровнем внутренней стабильности и достойным уровнем жизни казахстанцев.

**Эльмира СТАМОВА,**  
мастер производственного  
обучения Профессионально –  
технического колледжа  
с. Заречное

## ҰЛЫ ТҰЛҒА – ҚОНАЕВ



(Соңы. Басы 1-бетте)

Фибраты мол ғұмырдан ұрпақ түйер ұлағат аз емес.

Дінмұхамед Қонаев есімі жаңа Қазақстан қоғамында жаңаша жаңғыруда. Оның қайраткерлік тұлғасы, ел алдындағы жасампаздық еңбегі, еділдігі мен тазалығы кейінгі ұрпаққа үлгі-өнеге. Ұлт мақтанышына айналған қоғам қайраткерінің туған күніне орай еске алумен қатар танымдық іс-шаралар жалғасын таба бермек.

Халқының қадірін білген елі мен жерін сүйген, сол үшін ғұмыр сүрген адам халық жадында мәңгі қалады.

Халық қадірлеп пір тұтқан Дінмұхамед Ахметұлы Қонаевтың есімі бізбен бірге мәңгі жасай бермек, – деді дөңгелек үстелді құттықтау сөзбен ашқан Қонаев қаласының ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімінің басшысы Бибігүл Шәйкенова

Дөңгелек үстелде Әлем Халықтары Жазушылар одағы мен Қазақстан Журналистер одақтарының мүшесі, Қазақ журналистикасының қайраткері, Балқаш ауданының Құрметті азаматы Зарыққан Әбылқасымұлы, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, Қонаев қаласының Құрметті азаматы Владимир Таран қоғам қайраткері жайлы

тың деректермен өз баяндамаларын жасаса, қалалық орта мектеп - гимназиясының тарих пәнінің мұғалімі Жібек Бакенова Дінмұхамед Қонаевпен кездескен естеліктерімен бөлісті.

Д. Қонаев атындағы №1 орта мектептің қазақ тілі пәнінің мұғалімдері Жансұлу Сұлтанбекова мен Нұргүл Қойшыбекованың дайындауымен 7 «а» сынып оқушысы Алтынай Ерғалиева «Ғалым адам ел үшін қызмет еткен», 9 «а» сынып оқушысы Сұңғат Мұрат «Қазақтың Қонаевы» және №2 орта мектептің 10 «а» сынып оқушысы Нұрила Бейсенғалиева «Халқының ұлы перзенті» атты өлеңдер оқыды.

Қалалық аналар кеңесінің төрағасы Дәметкен Таласбекқызы мен Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, Қонаев қаласының құрметті азаматы Жұмахан Қожамқұлов шара барысында сөз сөйлеп, өз ойларымен бөлісті.

Шара ақын Берік Байловтың сөзіне, Амалият Бұқастың өніне жазылған автордың орындауындағы «Дінмұхамед Қонаев» әнімен қорытыланды.

Дөңгелек үстел барысында Алматы облысының музейлер бірлестігі мен Алматы облысының мемлекеттік архивінің Қонаев қаласындағы филиалы Д.Қонаевқа қатысты жәдігерлерден көрмелер, қалалық кітапханадағы тұрақты көрме «Өркенді өлке және тұғырлы тұлға» қатысушыларға таныстырылды.

**Фариза МЫРЗАҒАЛИЕВА**  
қалалық кітапхананың бөлім  
меңгерушісі



# ҰЛТТЫҢ ТІЛІ – ҰЛТТЫҢ ДІЛІ

**ТІЛ - ДОСТЫҚТЫҢ КІЛТІ, ЫНТЫМАҚТАСТЫҚТЫҢ БАСТАУЫ, ЫРЫС-БЕРЕКЕНІҢ АЛДЫ, ҰЛТТЫҢ ӘРІ ЖАНЫ, ӘРІ АРЫ. ТІЛ – ҚАЙ ҰЛТТЫҢ БОЛМАСЫН ТАРИХЫ МЕН ТАҒДЫРЫ, ТӘЛІМІ МЕН ТӘРБИЕСІНІҢ НЕГІЗІ, ҚАТЫНАС ҚҰРАЛЫ.**

Тіл болмаса сөз болмайды. Сөз болмаса адамзаттың тірлігінде мән-маңыз болмайтыны белгілі. Демек, тілдің, сөздің орны ерекше. Міне, осы орайда ана тіліміз жайлы терең ойлану әрқайсымыз үшін парыз.

Қазақ тілі - өзінің дала-сындай кең пішілген жайдары да жалпақ тіл. Қазақ сөзі қашанда даланың қоңыр желіндей аңқылдап еркін есіп тұрады. Қазақ тілінің биязы мақамы-домбыраның күмбір қаққан сазындай. Асқан әуезділігі – шырқап салар әндей. Туған тіл біздің бірінші бақытымыз, бірінші ырысымыз, біз сондықтан «Ана тіліміз» дейміз. Қазақтар «Ананың тілі» деп ерекше құрметтейді. Басқа тілді білу - әрине, мақтанш. Әйтсе де өз ана тілін аяқ асты етуге болмайды.

Ана тілінің қадір-қасиетін біле білген халқымыз оны ұлттың рухына, қазына байлығына балайды. Себебі не? Себебі, тіл – халықтың жаны, сәні, тұтастай кескін-келбеті, ұлттық болмысы. Адамды мұратқа жеткізетін - ана тілі мен ата дәстүрі.

Тіл-қоғамның жемісі. Сонымен қатар, тіл-аса маңызды

қатынас құралы. Ұлы Абай: «Қайран тіл» қайран сөз нанданға қадірсіз» десе, қазақтың көсемі А.Байтұрсынұв: «сөзі жоғалған жұрттың өзі де жоғалатынын» бір ғасыр бұрын ескертіп кетті. Қазақтың көрнекті сөз зергері Ғ.Мүсірепов: «Тілден биік асқар жоқ, тілден асқан байлық жоқ, тілден терең теңіз жоқ» деген. Тіл мен халық-егіз. Қазақтың тіліндей көркем тілдің қадірін білмеу-ұят. Өз елің, өз жеріңде тұрып, тәуелсіз мемлекеттің мемлекеттік тілін «сылтау-себептермен» үйренбеу - елдігімізге сын.

Ел дегенім-қазақ халқы. Ал оның тілін сыйламасам, не болғаным? «Кейбір ұл-қыздарымыздың ана тілімізді білмеуі, шала білуі мені қатты қынжылтады. Бұған ең алдымен ата-ана кінәлі» деп Бауыржан Момышұлы айтып кеткен. Ана тілі - ең басты байлығымыз. Ана тілі-халық болып жасағаннан бері жан дүниеміздің айнасы өсіп-өніп төрлене беретін, мәңгі қаламайтын бәйтерегі, -деп Жүсіпбек Аймауытов айтқандай елін, жерін сүйген әрбір азаматтың көкірегінде ана тіліне деген сүйіспеншілігінің мақтанш сезімі болу керек.



Тіл-халықпен бірге өмір сүріп дамиды, әр ұлттың тілі-оның бақыты мен тірегі. Әр нәрсенің түп-тамыры болатыны сияқты, ана тіліміздің де түп-тамыры бар. Заңғар жазушы Шыңғыс Айтматов: «Өскелең ұрпақ тілімізбен бірге өркендейді» деген. Қай елдің болсын өсіп өркендеуі, өнуі, дүниеде өзіндік орын алуы оның ана тіліне тікелей әсер етеді.

Тілдің адам өмірі үшін мәні айрықша. Тіл - өлшеусіз қазына, өрісі кең әлем. Тіл - асыл ойдың бұлағы. Тіл - құдірет. Тіл - тәуелсіздік тұғыры. Тіл құдіреті - ерекше. Оның бітпесті бітіретін, жетпесті жеткізетін, үзілгенді жалғайтын мүмкіндігі бар. Бір ауыз сөз опық жегізіп, өмір бойы өзегінді өртесе, бір ауыз орынды айтылған сөз жадында жатталып, бақытқа жеткізеді. Тіл - ұлттың жан дүниесі. Расында қазақ халқының басында талай қиын нәубет, зұлматтың, қайғылы күндердің болғаны тарихтан белгілі. Сондай ауыр сәттерде, сын сағаттарда атамекен қонысын тастап босқан

халықтың өзімен бірге алып жүрген байлығы – ана сүтімен санасын дарыған ана тілі ғана.

Тіл - жеке адам ойлап тапқан туынды емес, ол барша ұлтқа ортақ, соның төл перзенті. Сол халықтың мәдени әлеуметтік өмірінде өзіндік мәні бар киелі ұғым. «Тәрбие басы - тіл» деген осы күнге дейін мән-мағынасын жоғалтпаған қанатты сөз XI ғасырдың ұлы ойшылдарының бірі Ахмет Иүгінекидің есіміне қатысты. Үзілмей келе жатқан осындай даналық дәстүрінің жалғасын біз бүгінгі ұрпақтан да көреміз. Ана тіліміздің айтып жеткізуге болмайтын асыл қасиеттерін тап басып танып, қанатты сөздерге айналдырған зиялыларымыз да баршылық. Бүгінгі қазақ тілінің тағдыры мен болашағы ұлт зиялы қауымын аз толғандырып жүрген жоқ.

Тілге деген құрмет - халыққа деген құрмет. Тілсіз халықтың, елдің өмір сүруі мүмкін емес. Әлем таныған ел болу үшін тіліміздің жұлдызын биіктетуіміз керек. Тіл - қастерлі де, қасиетті ұғым. Ол әрбір адамға ана сүтімен бірге еніп, қалыптасады. Ана тілін сүйген адам - туған жерін, елін, Отанын, атамекенін сүйеді деген сөз. Ал, бұлардың бәрі - адам баласы үшін ең қасиетті ұғымдар. Өмірдің алмастай қырын, абзал сырын түсіне білуіне басты себепкер - ана

тілі. «Ұлттың тілі - ұлттың ділі» демекші, қандай ұлт пен ұлыс болмасын ең басты байлығы - ана тілі. Тілін жоғалтқан халықтың жеке мемлекет болып басқа елдермен терезесі тең дәрежеде тұра алмайтындығы тарихтан белгілі. Сондықтан сан ғасырлар бойы арман болған тәуелсіздігімізге қол жеткізіп, егеменді ел болып жатқан сындарлы кезеңде мемлекетіміздің нышаны ана тілімізді бүкіл тіршілігіміздің түп қызығына айналдыру - әрбір ұлтжанды азаматтың басты міндеті.

Ата-бабамыздан қалған асыл қазына тілімізді сақтаудың тиімді жолы – отбасында ана тілінде сөйлеп, айналадағы дүние туралы сол тілде айтып, сол тілде қуаныш ренішінді бөлісіп, өзіңді, өзгені жұбату болып табылады. «Тілден асқан байлық жоқ» тонторқа, мал-мүлік, алтын-күміс байлығы түпкілікті емес. Күндердің күнінде сарқылады, тозады. Халықпен бірге мәңгі жасайтын тіл байлығы екенін ұмытпайық. «Анамыздың ақ сүтімен бойымызғы дарыған тілімізді ұмыту-бүкіл ата-бабамызды ұмыту» деген екен Бауыржан Момышұлы, сондықтан да ананың ақ сүтімен бойымызға тараған ана тілімізді ақсатпай, мәртебесін көтере білейік!

**Күланда ТӨСТІКБАЕВА,  
«Балдәурен»  
балабақшасының  
тәрбиешісі**

## ХАБАРЛАНДЫРУ

«Қонаев қаласының аппараты» ММ «Арна ауылының клубы» МКҚК директорының бос лауазымына орналасуға конкурс жариялайды біліктілік талаптарына сәйкес.

### Біліктілік талаптары:

«Өнер» немесе «гуманитарлық ғылымдар», заң мамандықтар тобы бойынша жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) білім және мамандығы бойынша 3 жылдан кем емес жұмыс өтілі немесе мемлекеттік органдар мен ұйымдарда басқарушы лауазымдарда 3 жылдан кем емес жұмыс өтілі.

### Лауазымдық міндеттері:

Бөлім жұмысына басшылықты жүзеге асырады; іс-шаралар сценарийлерін жасауға басшылық етеді, озық жұмыс тәжірибелерін зерделейді, оны жұмыс тәжірибесіне енгізу туралы ұсыныстар дайындайды; кадрларды оңтайлы орналастыруды қамтамасыз етеді, қызметкерлердің өндірістік және еңбек тәртібін, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау талаптарын сақтауын бақылайды; мәдени-көпшілік және дене шынықтыру-спорт жұмыстарын ұйымдастырады; саябақ ойын-сауық шараларының, спорттық құрылыстардың, аттракциондардың, студиялардың қызметін жоспарлап, жұмысын қамтамасыз етеді.

### Білуге тиіс:

Конституцияны; Бюджет кодексіні; Еңбек кодексіні; Қазақстан Республикасының «Мәдениет туралы», «Сыбайлас жемқорлықпен күрес туралы», «Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы», «Мемлекеттік мүлік туралы», «Мемлекеттік сатып алулар туралы» заңдарын; мәдени-демалыс жұмысының түрлері мен әдістерін, халық шығармашылығының даму перспективаларын, отандық және шетел әдістемелік орталықтарының және көркемөнерпаздар ұжымдарының жұмыс тәжірибелерін.

Қонаев қаласы Жамбыл көшесі 13 мекен-жайы бойынша 2023 жылғы қаңтар айының 18-нен 25-не дейін құжаттар қабылданады.

Үміткерлерге барлық сұрақтар бойынша 8-707-989-84-64 нөмірі бойынша хабарласуға болады.

## ОБЪЯВЛЕНИЕ

ГУ) Аппарат города Кунаева «объявляет конкурс на занятие вакантной должности директора ГККП) Клуб села Арна «в соответствии с квалификационными требованиями.

### Квалификационные требования:

Высшее (или послевузовское) образование по группе специальностей) искусство «или» гуманитарные науки», право и стаж работы по специальности не менее 3 лет или стаж работы на руководящих должностях в государственных органах и организациях не менее 3 лет.

### Должностные обязанности:

осуществляет руководство работой отдела; руководит разработкой сценариев мероприятий, изучает передовой опыт работы, готовит предложения о внедрении его в практику работы; обеспечивает оптимальное расстановку кадров, контролирует соблюдение работниками производственной и трудовой дисциплины, требований безопасности и охраны труда; организует культурно-массовую и физкультурно-спортивную работу; парк планирует и обеспечивает работу развлекательных мероприятий, спортивных сооружений, аттракционов, студий.

### Должен знать:

Конституцию РК; Бюджетный кодекс; Трудовой кодекс; Законы Республики Казахстан «О культуре», «о борьбе с коррупцией», «об авторском праве и смежных правах», «О государственном имуществе», «о государственных закупках»; виды и методы культурно-досуговой работы, перспективы развития народного творчества, опыт работы отечественных и зарубежных методических центров и самодеятельных коллективов.

Документы принимаются с 18 по 25 января 2023 года по адресу: г. Қонаев, ул. Жамбыла, 13.

По всем вопросам обращаться к кандидатам по телефону 8-707-989-84-64.

**«Шеңгелді ауылдық округінің әкім аппараты» мемлекеттік мекемесінде «Елді мекендер шегінде объектілер салу үшін жер учаскелерін беру» мемлекеттік қызметін көрсету тәртібі**

Аталған мемлекеттік көрсетілетін қызметті «Шеңгелді ауылдық округінің әкім аппараты» мемлекеттік мекемесі көрсетеді. Өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі және «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы арқылы жүзеге асырылады.

Көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік қызметті екі кезеңде көрсетеді:

1 кезең: жер учаскесін таңдау актісін, оның ахуалдық схемасымен, сәулет-жоспарлау тапсырмасын дайындау- 28 (жиырма сегіз) жұмыс күні ішінде;

2 кезең: көрсетілетін қызметті алушы түпкілікті таңдау актісін келіскен және жер-кадастрлық жұмыстар бойынша көрсетілетін қызметтерге ақы төлеген кезде – 18 (он сегіз) жұмыс күні ішінде.

Мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тартуға мыналар негіз болып табылады:

Көрсетілген қызметті алушының мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін ұсынған құжаттарының және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) дұрыс еместігінің анықталуы;

Көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті ұсынылған материалдардың, деректердің және мәліметтердің Жер Кодекстің 43-бабының 3-тармағына алтыншы бөлігінде және 6-1- тармағында, 49-2 бабының 6-тармағының екінші бөлігінде, 50-бабының 2 және 2-1-тармақтарында белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі;

Жер Кодекстің 44-1 бабының 4-тармағына сәйкес мемлекеттік қызмет көрсету үшін талап етілетін келісу туралы сұранымға келісуші органдардың теріс жауабы.

Көрсетілетін қызметті алушы жүгінген кезде мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті құжаттардың тізбесі:

Нысан бойынша өтініш.

Жеке басты куәландыратын құжат.

Мекенжай: «Шеңгелді ауылдық округінің әкім аппараты» ММ,

Сәкен Сейфуллин көшесі № 34.



Ақылы тұрақ ақысын төлеуден жалтарғаны үшін 3 АЕК (10 350 теңге, 2022 жылы 9 189 теңге) көлемінде айыппұл төлеуге тура келеді.

Айта кетерлігі, жолаушылар мен жүктерді тасымалдау ережелерін бұзғаны, қауіпсіздік белдігін шешпегені және көлік жүргізу кезінде телефон пайдаланғаны үшін 5 АЕК (2022 жылғы 15 315 теңгенің орнына 17 250 теңге) көлемінде айыппұл қарастырылған.

## 2023 ЖЫЛЫ АЙЫППҰЛ МӨЛШЕРІ ҚАЛАЙ ӨЗГЕРДІ

**ҚАЗАҚСТАНДА 2023 ЖЫЛДЫҢ 1 ҚАҢТАРЫНАН БАСТАП ЖАҢА АЙЛЫҚ ЕСЕПТІК КӨРСЕТКІШ БЕКІТІЛГЕНІ МӘЛІМ. ЕНДІ 1 АЕК 3450 ТЕҢГЕНІ ҚҰРАЙДЫ, БЫЛТЫРҒЫ КӨРСЕТКІШПЕН САЛЫСТЫРҒАНДА ОЛ 13%-ҒА ӨСТІ. СӘЙКЕСІНШЕ, ЖОЛ ЕРЕЖЕЛЕРІН БҰЗҒАН ЖҮРГІЗУШІЛЕР ТӨЛЕЙТІН АЙЫППҰЛДАРДЫҢ КӨЛЕМІ ДЕ АРТТЫ ДЕП ХАБАРЛАДЫ TURKYSTAN.KZ.**

### Жылдамдықты асыру

Мәселен, биыл көлік қозғалысының жылдамдығын 10-20 шақырымға асырғаны үшін айыппұл 17 250 теңгені құрайды (5 АЕК, 2022 жылы 15 315 теңге болды).

Жылдамдықты 20-40 шақырымға асырғаны үшін 10 АЕК көлемінде айыппұл қарастырылған (34 500 теңге, 2022 жылы 30 630 теңге болған).

Жылдамдықты сағатына 40 шақырымнан асырғандар үшін айыппұл қазірдің өзінде 20 АЕК (69 мың теңге, 2022 жылы 61 260 теңге болған).

Әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде жылдамдықты қайталағаны үшін 30 АЕК (103 500 теңге, 91 890 теңгені құрады) айыппұл қарастырылған.

### Құжатсыз көлік жүргізу және қызыл шамға жүру

Жүргізуші куәлігінсіз көлік жүргізгені үшін 20 АЕК (69 мың теңге) көлемінде айыппұл салынады.

Егер жүргізуші куәлігінен

айырылған жүргізуші рөлде болса, оған 50 АЕК (172 500 теңге) көлемінде айыппұл салынады немесе 20 тәулікке қамауға алынады.

Ең жиі кездесетін бұзушылық – жол белгілерінде немесе жол сызбаларында белгіленген талаптарды сақтамау үшін 9 189 теңгенің орнына 10 350 теңге (3 АЕК) төлеуге тура келеді.

Тыйым салатын бағдаршамға немесе жол диспетчерінің тыйым салу қимылымен жүру үшін 10 АЕК көлемінде айыппұл салынады (34 500 теңге, 30 630 теңге). Қайталанатын құқықбұзушылық үшін айыппұл қазірдің өзінде 15 АЕК (45 945 теңгенің орнына 51 750 теңге) құрайды.

Жаяу жүргіншілер жолымен, жол жиегімен немесе тротуармен жүргені үшін айыппұл 45 945 теңгеден 51 750 теңгеге дейін өсті (15 АЕК).

Тоқтау немесе тұраққа қою ережелерін бұзғаны үшін айыппұл 5 АЕК (15 315 теңгенің орнына 17 250 теңге) мөлшерінде белгіленді.

Жаяу жүргіншілер жолына, гүлзарларға, балалар және спорт алаңдарына қою, сондай-ақ басқа көліктердің жүруіне кедергі болған жол бойындағы көліктерді қою 10 АЕК (34 500 теңге, 30 630 теңге болды) көлемінде айыппұл салуды қарастырады.

### Полиция қызметкерінің талаптарын орындамау

Қызметкердің көлікті тоқтау туралы талабын орындамағаны үшін 40 АЕК көлемінде айыппұл салынады (2022 жылы 122 520 теңге орнына 138 мың теңге). Бір жыл ішінде қайталап бұзу 5 тәулікке дейін қамауға алу құқығынан айыруға әкеп соғады.

Мұндай заңбұзушылық үшін қазірдің өзінде құқығынан айырылған қазақстандықтар 60 АЕК (207 мың теңге) көлемінде айыппұл төлейді.

### Жаяу жүргіншілер

Жол қозғалысы ережелерін сақтамаған жаяу жүргіншілерге (қате жерден өту және т.б.) 2 АЕК (6 900 теңге, 2022 жылы – 6 126 теңге) көлемінде айыппұл салынады.

Бір жыл ішінде қайталап бұзғаны үшін айыппұл 10 АЕК (34 500 теңге) дейін өседі.

### Қоғам

Қоғамдық жерге түкіру, белгіленбеген жерлерге қоқыс шығару үшін де айыппұлдар өзгерді. Мұндай бұзушылық үшін 5 АЕК (17 250 теңге) көлемінде айыппұл төлеуге тура келеді. Қайталап тәртіп бұзса, 10 АЕК немесе 34500 теңге айыппұл салу қаупі бар.

## ПРАЗДНИК МНОГОДЕТНЫМ МАМАМ

**ВСЕМ ИЗВЕСТНО, ЧТО ПАРТИЯ «АМАНАТ» ВНЕДРИЛА ПРАКТИКУ ВОЗВРАТА 20% ОТ ПАРТИЙНЫХ ВЗНОСОВ В ПЕРВИЧНЫЕ ПАРТИЙНЫЕ ОРГАНИЗАЦИИ ДЛЯ РЕАЛИЗАЦИИ ПРОЕКТОВ НА МЕСТАХ.**

По словам директора многопрофильной больницы города Қонаев Ракишевой Айман Галимжановны, очень кстати пришли возвращенные партийные взносы, в канун нового года. На данную сумму, в рамках проекта «Бақытты отбасы», были приобретены подарки для многодетных мам, которые были рады такому вниманию от руководства

медицинского учреждения.

Напоминаем о том, что подобные мероприятия депутата городского маслихата Ракишева Айман Галимжановна проводит ежемесячно. Помощь от неравнодушного депутата только за уходящий год получили порядка 50 семей, на сумму более 1 млн. тенге.

ПРЕСС-СЛУЖБА

## ВАНДАЛИЗМ ҮШІН ЖАЗА ҚАТАҢДАТЫЛДЫ



**ҚАЗАҚСТАНДА ВАНДАЛИЗМ МЕН ЖЕКЕ МҮЛІКТІ БҮЛДІРГЕНІ ҮШІН ЖАЗА КҮШЕЙІП, ЗАҢ ЖОБАСЫ БЕКІТІЛДІ. БҰЛ ТУРАЛЫ ҚР ІІМ ӨТКІЗГЕН БРИФИНГІДЕ БЕЛГІЛІ БОЛДЫ.**

Қазіргі уақытта бөтеннің мүлкін қасақана бүлдіргені үшін қылмыстық жауапкершілік (ҚК-нің 202-бабы) елеулі залал келтірілген жағдайда ғана туындайды. Яғни келтірілген залал сомасы 200 АЕК-тен

немесе 690 мың теңгеден асуы тиіс.

«Залар мөлшері оған жетпеген жағдайда азаматтардың өздері дәлелдемелер жинау, бұзушылардың сауалнамалық деректерін анықтау, олардың жүрген жерін білу сияқты мәселелерімен айналысады, өйткені залалды өтеу азаматтық-құқықтық алаңда шешіледі.

Бұл өріне, полициядан көмек күтетін зардап шеккен адамдар мен қоғам тарапынан теріс реакцияны тудырады.

Әдетте, азаматтардың едәуір бөлігі сотқа жүгінбейді, нәтижесінде құқық бұзушылар жауапкершіліктен жалтарып кетеді.

Өздеріңіз білетіндей, жазасыздық одан әрі еркінсуге жол ашады», — деді ҚР ІМ Әкімшілік полиция комитеті басқарма бастығының міндетін атқарушы Азамат Құрымбаев.

Биыл 3 қаңтарда ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев «ҚР Қылмыстық және қылмыстық іс жүргізу кодекстеріне экологиялық құқықбұзушылықтар мен вандализм көріністері үшін жауапкершілікті күшейту мәселелері бойынша толықтырулар енгізу туралы» және «ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне экологиялық құқықбұзушылықтар мен вандализм көріністері үшін жауапкершілікті күшейту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңға қол қойған.

«Мұнда біріншіден, вандализм қылмыстық бабының диспозициясы анықталды және нақтыланды (Қылмыстық кодекстің 294-бабы), оның нормалары «Тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес келтірілді.

Сондай-ақ осы құқық бұзушылықтар үшін санкциялардың төменгі шегі белгіленді.

Енді заң бұзушыға ең төменгі сома – 172 мың теңге немесе 50 АЕК қаралған.

Екіншіден, бөтеннің мүлкін қасақана жойғаны немесе бүлдіргені үшін әкімшілік жауапкершілік енгізілді (ӘҚБТК-нің 147-1-бабы), яғни залал 200 АЕК-тен (690 мың теңге) аспайтын жағдайда.

Үшіншіден, ұсақ бұзақылықтың әкімшілік бабының (ӘҚБТК-нің 434-бабы) диспозициясына «көліктегі мүлкті қасақана бүлдіру немесе өзге де қоғамдық орындарда», сондай-ақ оның құқық бұзушылықтары үшін санкциялар ұлғайтылды», - деді ҚР ІІМ өкілі Азамат Құрымбаев.





**МЕН ҚОНАЕВ ҚАЛАСЫНЫҢ ҚҰРМЕТТІ АЗАМАТЫ, ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚҰРМЕТТІ СПОРТ ҚАЙРАТКЕРІ, «ЗА ДОБЛЕСТЬ И ЧЕСТЬ» ОРДЕНІНІҢ ИЕГЕРІ, СПОРТ АРДАГЕРІ ОРЫНБАЙ БЕЙСЕНБАЙҰЛЫ ТОЙЛЫБЕКОВТІ СОЛ БІР ЖЫЛДАРЫ ЕШКІМНІҢ ЖҮРЕГІ ДАУАЛАМАҒАН ЕРЛІККЕ ТӘН БІР ҚАСИЕТІ ҮШІН СЫЙЛАЙМЫН, ҚАСТЕР ТҰТАМЫН. НЕ ҮШІН? АЙТАЙЫН.**

Қазақтың ішінен грек – рим күресінен әлемді мойындатқан чемпион, Мәскеу-1980 Олимпиадасында Қазақстанға алғашқы алтынға олжа салған Шәміл Сериковты спортсүйер қауым әлі күнге ұмыта қойған жоқ деп ойлаймын Мәскеу Олимпиадасында елді таң қалдырған Шәміл туралы халықаралық күрес федерациясы президентінен бастап небір білімпаздар: «Шәміл-фантастика! Мұндай дарынды балуанды көрермендерге көрсетпеу күнә» деген.

1981 жылдың мамыр айында бір топ спортшы БАМ-ға аттанатын болды. Бұл бұйрық болса да, Мәскеу Олимпиадасында Қазақстанның қоржынына алғашқы алтынды салып берген Шәміл Сериков үйімді жөндеймін деп бармай қалған. Олимпиядадан кейін жүлдегердің өзіне 3 бөлмелі жаңа пәтер берілгенде, Шәмілге 2 бөлмелі ескі үй тиіпті. БАМ-нан келген соң он күннен кейін бапкерлер Шәмілді құрамадан шығарады. Стипендия беруді де тоқтатады. Олимпиада чемпионы ай сайын 680 сом алатын. Ол кезде бір айлық асқанда 150 – 200 сом. «Динамо», «Буревестник», «Қайрат», «Еңбек» сияқты спорт қоғамдарының маңайына жолатпайды. Оған қоса Шәмілді, тіпті, Ауған соғысына да алып кете жаздаған.

Ауған жеріне аттанудан бас тартқаны үшін Шәмілді қамауға алады. Үйінен сүйреп алып шығып, теміржол вокзалының қуыс жағындағы бір вагонның ішіне кіргізеді. Оның ішінде төрт адам отырған екен. Олар Шәмілге жабылады, бірақ атақты балуан төртеуін де жығады. Төртеуін бірінің үстіне бірін үйеді де терезеден шығып қашады. Ең қызығы осы оқиғадан кейін Шәмілге ешкім іздеу

салмайды. Мүмкін осы нәрсе Шәмілді өлтіру үшін істелінген болар. Өйткені аса талантты балуанды көре алмайтындар ол кезде де жетіп – артылатын.

Міне, осындай қиын-қыстау күндер басына түскенде Шәмілге тек достары мен жолдастары көмектесті. Дегенмен сергелдеңге түскен күндерде оған Алланың назары түсіп, шын жанашыр жан табылып, сол кезде Қапшағайдағы спорт мектебінің директоры Орынбай Тойлыбеков бапкерлік қызметке алады.

Бұл жөнінде Орекең: «Жұмысқа алу туралы өтініш жазып отырғанда Шәмілдің қолы қатты дірілдеді. Сонда мен: «Шәміл-ау, қолың неге дірілдеп тұр?» деп сұрадым. Шәміл: «Аға, менің екі балам бар, сіздің үш балаңыз бар. Өзім үшін емес, сіз үшін қорқып отырмын. Құртады ғой, осы үшін сіздің басыңызды алады» деді. Мен оған: «Қорықпа! Сен сияқты жігітке көмектеспегенде, кімге көмектесемін?» деп сабырға шақырдым» деген екен.

Олимпиада чемпионы Шәміл Сериковтың Қапшағай спорт мектебінде 3 жыл жасырын жұмыс істегендігін бүгін біреу білсе, біреу білмейді. Міне, мен осынысы үшін Орынбай ағаны қастерлеймін. Не деген мәрттік! Не деген ерлік! Қазақтың маңдайына жазылған тұңғыш Олимпиада чемпионы Шәміл Сериковты Алматыға сыйдырмаған ортадан жалтақтамай қамқорлық көмегін көрсеткен адал азаматтығы үшін құрмет тұтамын. Бұл – азаматтық, бұл – басқалар айта жүрер, ескере жүрер, көңілге тоқи жүрер ермінезді мәрттік дер едім.

«Ол ғажап бапкер бола білді. Оның ешкім жасай алмайтын мойынды бұрай тастау, еңкейе лақтыру, шалқая лақтыру

# ШӘМІЛДІ ҚАДІР ТҰТҚАН БАПКЕР

сияқты керемет әдіс-тәсілдері бар еді. Соның бәрін шәкірттеріне үйретумен болды. Амал қайсы, Шәміл Сериков жұмбақ жағдайда дүниеден өтті. Шәміл өз шәкірттерінің жетістігін көріп кетуді армандаған еді. «Бір кезде өзімді тұғырдың биігіне көтерген бапкерлерім тәрізді мен де бақытқа кенеліп тұрсам деп армандаған еді» деп Орынбай аға әңгіме арасында сол бір шақты күрсіне еске алғаны бар еді.

1989 жылдың 12 қарашасында Шәміл Сериков жарық дүниемен қоштасты. Сол кезде қазақтан шыққан осындай тұлғаға лайықты құрмет көрсе алдық па? «Шәміл есімі ел есінде қалуға тиіс» деген «Жас қазақ» газетінде мақала жарияланды. Оған Әбілсейітов Айханов, Әмин Тұяқов



